


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»

Қызылорда ашық
университетінің ректоры

 К.А.Бисенов
«28» 08 2023ж.



**АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ
ЕРЕЖЕСІ**

Қызылорда 2023

Қызылорда ашық университетінің Ғылыми Кеңесінде қаралып бекітілді.
№__ хаттама «__» _____ 20__ жыл.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы құжат академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін регламент орнату мақсатында әзірленді.

1.2. Академиялық адалдық әрбір адамға оқытуда және бағалауда адал болуға және жақсы дағдыларды дамытуға көмектесетін ережелер, құндылықтар мен дағдылардың жиынтығы ретінде көрінуі тиіс.

1.3. Қызылорда ашық университетінің білім алушылары мен оқытушыларының академиялық адалдығы төмендегідей анықталады.

- Іс-әрекеттегі адалдық;
- Ынтымақтастық серіктестік және өзара сыйластық қағидаттарында жүзеге асыру.

2. АНЫҚТАМАЛАР, ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

2.1. Осы құжатта келесі негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Адалдық - бұл өнегеліліктің ең маңызды талдаптарының бірін бейнелейтін моралдық қасиет. Шыншылдықты, қағидалылықты, қабылданған міндеттерге адалдықты, жүргізілетін істің дұрыстығына субъективті сенімділікті, адамның басшылыққа алатын уәждеріне қатысты қоғамның алдында және өзінің алдында адалдығын, басқаларға заңды түрде тиесілі құқықтарын мойындау мен қадағалауды қамтиды.

Академиялық адалдық - оқыту мен бағалаудағы жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен қағидалар жиынтығы. Сонымен бірге жазбаша бақылау жұмыстарын, емтихандар, эссе, зерттеулер, таныстырымдылар орындауда лайықты мінез-құлық ретінде түсіндіріле алады.

Плагиат - біреудің әдебиет, ғылым, өнер туындыларына, өнертабыстарына авторлықты, сондай-ақ біреудің идеялары мен сөздерін әдейі иемдеу.

2.2. Осы құжатта келесі қысқартулар пайдаланылады:

ҚАУ - Қызылорда ашық университеті;

ОПҚ - оқытушы-профессор құрамы.

3. ОПҚ, БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

Қызылорда ашық университетінің оқытушылары, білім алушылары мен қызметкерлері жол бермеулері керек:

- жазбаша жұмыс плагиатты;
- қағазда немесе электронды түрде жарияланған біреудің мәтінін жазбаша жұмыста алынған көздерді көрсетпей қолдануға;
- орындалған жұмыстың немесе оның бір бөлімін өзбетінше жасалғандығына күмән туғызатын пайдаланылымдарға;
- біреудің мәтінінің сөздері мен айтқандарын синонимдермен ауыстырып және біреуден алынған мәтінінің сөздерін өзгеріссіз баяндауға;
- білімді бағалаудан өту үшін әртүрлі жазбаша жұмыс ретінде бірдей мәтінді ұсынуға;
- білімді бағалаудан өту мақсатында өз еңбегі ретінде басқа біреу орындаған жазбаша жұмысты тапсыруға;
- өз жұмысын басқа біреуге білім бақылауының т.б. өтуі мақсатында оған саналы түрде беруге;
- оқытушы рұқсат етпеген кез келген жазбаша көздерді, анықтама әдебиеттерді, калькуляторларды, ұялы телефондарды және басқа бергіш және қабылдағыш электронды құрылғыларды: смартфондары, коммуникаторлар, планшеттер, ноутбуктар, түрлі плейерлер, көпқызметті сағаттар, сымсыз құлаққаптар мен басқаларды пайдалануға (анықтамалар мен оқулық әдебиеттер, калькулятор және басқа техникалық құралдарды пәннің ерекшелігіне және емтихан өткізу түріне қарай, тиісті кафедра меігерушісінің рұқсатымен білім алушылар емтихандарда пайдаланылуы мүмкін);
- емтихан кезінде немесе бақылау тапсырмасын орындау кезінде басқа білім алушыдан көшіріп жазуға және көмек беруді сұрауға;
- академиялық жұмысты орындау кезінде ақпараттар алудың заңсыз тәсілдері мен көздерін пайдалануға және/немес оны екінші басқа біреуге беруге;
- емтихан жұмыстарына қол қоюға (жазбаша емтихан кезінде), оларға емтихан билеттерінің сұрақтарына жауаптарға қатысы жоқ белгілер, суреттер мен басқа да таңбалар қалдыруға;
- фактілерді бұрмалауға (айтылған пікірлерді немесе мәліметтерді ауыстырып қою, жалған мәліметтерді шынайы ретінде көрсетуге тырысу, бағаларды немесе тапсырманың жауаптарын қолдан жасау, құжаттардағы қойылған қолдарды, жазбаларды қолдан жасау, өткізіліп қойған жұмысқа түзетулер, толықтырулар енгізуге және т.с.с.);
- алдауға болысуға (академиялық адалдық кодексіне және Университетке қабылданған кодекстерге қайшы келетін іс-әрекеттер жасауға біреуге көмек беруге; емтихан кезінде немесе ұжымдық істеу қаралмаған тапсырмаларды орындауда басқа білім алушылардың жұмыстарына ұрланып қарауға

мүмкіндік жасауға, білім алушылардың, қызметкерлердің және басқа адамдардың көмегімен бақылау тапсырмаларын алуға (немесе ұрлауға), бақылау тапсырмаларын, дайын жұмыстарлы сату немесе сатып алу және/немесе сатуға көмектесудің басқа да жолдарына;

- бақылау және емтихан тапсырмаларын т.б. орындау кезінде мәліметтерді, оқу материалдарын басқа адамға беруге немесе көмектесуге;

- қызметтік міндеттеріне кіретін жұмыстарды орындау үшін материалдық игіліктер мен құқықтарды алу.

4. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚҚА ЫҚПАЛ ЕТУ

4.1. ОПҚ бос қызмет орындарында үміткерлер және қызметкерлерді аттестаттау кезінде мемлекеттік және орыс тілдерінде диктант жазу көзделеді, ол алынған теориялық білімдерді тікелей өндірістік қызметте, түрлі кәсіби ахуалдарда пайдалануға, университеттің білім беру қызметімен көзделген әмбебап және кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға, сондай-ақ қызметкерлердің жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетін одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Диктант ішкі мәдениетті тәрбиелеудің, қызметтік міндеттерді құрметтеу, тәртіптілік пен орындау жауапкершілігінің, өзін өзі тәрбиелеу, өзін өзі дамыту және өзін өзі жетілдіруді ұйымдастырудің бір бөлігі болып табылады.

4.2. ОПҚ мен білім алушылардың академиялық адалдығын нығайту және академиялық араздықты болдырмау мақсатында емтихан тапсырушының жауап парағына штрих код беру пайдаланылады, бұл алынған теориялық білімдерді, практикалық икемділіктерді оқытушы-сарапшылармен объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

4.3. Сарапшы-оқытушылар емтихан сессиясы басталғанға дейін ректордың бұйрығымен тағайындалады. Сараптық комиссия құрамы емтихан тапсырушыларда аталған пән бойынша сабақ жүргізбейтін, бірақ құзыретті оқытушылардан тұрады.

4.4. Білім алушылардың жазбаша жұмыстары өзбетінше орындалуына қатысты оқытушылармен және/немесе ғылыми жетекшілермен тексеріледі. Білім алушының жазбаша жұмыстарын тексеру нәтижелері жазбаша жұмысты қорғауға және/немесе оны бағалауға жіберу туралы шешім қабылдауда оқытушымен, ғылыми жетекшімен ескеріледі. Өзбетінше орындалмаған, плагиат бар жазбаша жұмыстар қарауға жіберілмейді және оң бағалана алмайды. Мұндай жағдайларда оқытушы білім алушыға «қанағаттанарлықсыз» деген баға қоюға міндетті. Аталған жұмыс орындамаған болып есептеледі.

4.5. Диплом жұмыстарда дереккөздерге сілтемесіз ақпараттарды біреуден алу деңгейін анықтау мақсатында университетте «Антиплагиат» жүйесі қолданылады, ол үшін бакалавриат мамандықтарының бағыттары бойынша

жүйесі қолданылады, ол үшін бакалавриат мамандықтарының бағыттары бойынша ректордың бұйрығымен сараптық комиссия құрылады. Университетте дипломдық жұмысты/жобаны тексеру үшін «Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын плагиатқа тексеру ережесі» бекітілді.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1. Білім беру үрдісіне қатысушылар академиялық адалдық қағидалары бұзылғаны үшін өздерінің моралдық жауапкершілік арқалайтынарын есте ұстаулары тиіс.

5.2. Академиялық адалдық кодексінің бұзылу фактілерін анықтаған оқытушы немесе білім алушы Академиялық сапа жөніндегі комитетке жазбаша мәлімдеме жазуы тиіс, ол бұл мәлімдемені тиісті Кеңестің қарауына жібереді. Академиялық адалдық кодексінің бұзылу фактісі расталған жағдайда білім алушы Кеңес мәжілісіне шақырылады, білім алушы онда факті бойынша түсініктеме беруі тиіс. Кеңес тәртіптік сипаттағы шаралар қабылданғаны туралы Академиялық сапа жөніндегі комитетке ұсынымдар шығарады. Кеңестің шешімі хаттамамен рәсімделеді.

Дайындаған:

Бірінші проректор




К.А.Еримбетов

Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры



А.Б.Əлібекова

Оқу процесін тіркеуші офісінің меңгерушісі



А.Х.Омарова